Әділет

## "Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 1 сәуірдегі № 141 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 21 тамыздағы № 391 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 3 қыркүйекте № 7892 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2013 жылғы 13 наурыздағы № 71 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 13.03.2013 № 71 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының кейбір мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 1 сәуірдегі № 141 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6148 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрыққа 1-қосымшада:

бюджет шығыстарының функционалдық сыныптамасында:

01 «Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер» функционалдық тобында:

2 «Қаржылық қызмет» функционалдық кіші тобында:

257 «Облыстың қаржы басқармасы» бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

мынадай мазмұндағы 020 бюджеттік бағдарламамен толықтырылсын:

«020 Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасының таратылатын банктің кредиторлық берешегін өтеу»;

9 «Қаржылық қызмет» функционалдық кіші тобында:

215 «Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі» бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

мынадай мазмұндағы 045, 046 және 047 бюджеттік бағдарламаларымен толықтырылсын:

«045 Мемлекеттік деректер базасын құру

046 Электрондық үкімет құру

047 Астана қаласында мемлекеттік органдар үшін серверлік орталық

ғимаратын салу»;

04 «Білім беру» функционалдық тобында:

1 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» функционалдық кіші тобында:

123 «Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты» бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

мынадай мазмұндағы 011 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалары бар 041 бюджеттік бағдарламасымен толықтырылсын:

«041 Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға

011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен»;

464 «Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі» және 471 «Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі» бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

мынадай мазмұндағы 011 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалары бар 040 бюджеттік бағдарламасымен толықтырылсын:

«040 Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға

011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен»;

2 «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру» функционалдық кіші тобында:

360 «Республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармасы» бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

039 «Республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер есебінен жалпы үлгідегі, арнайы (түзету), дарынды балалар үшін мамандандырылған, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорынсыз қалған балалар үшін балабақшалар, шағын орталықтар, мектеп интернаттары, кәмелеттік жасқа толмағандарды бейімдеу орталықтары тәрбиешілеріне біліктілік санаты үшін қосымша ақының мөлшерін ұлғайту» бюджеттік бағдарламасы мынадай редакцияда жазылсын:

«039 Бастауыш, негізгі орта, жалпыға бірдей орта білім беру ұйымдарының (дарынды балаларға арналған мамандандырылған (жалпы үлгідегі, арнайы (түзету); жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдар): мектептердің, мектеп-интернаттарының мұғалімдеріне біліктілік санаты үшін қосымша ақы мөлшерін республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен ұлғайту»;

464 «Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі» бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

064 «Республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер есебінен жалпы үлгідегі, арнайы (түзету), дарынды балалар үшін мамандандырылған, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорынсыз қалған балалар үшін балабақшалар, шағын орталықтар, мектеп интернаттары, кәмелеттік жасқа толмағандарды бейімдеу орталықтары тәрбиешілеріне біліктілік санаты үшін қосымша ақының мөлшерін ұлғайту» бюджеттік бағдарламасы мынадай редакцияда жазылсын:

«064 Бастауыш, негізгі орта, жалпыға бірдей орта білім беру ұйымдарының ( дарынды балаларға арналған мамандандырылған (жалпы үлгідегі, арнайы (түзету ); жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдар): мектептердің, мектеп-интернаттарының мұғалімдеріне біліктілік санаты үшін қосымша ақы мөлшерін республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен ұлғайту»;

471 «Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі» бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

064 «Республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер есебінен жалпы үлгідегі, арнайы (түзету), дарынды балалар үшін мамандандырылған, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорынсыз қалған балалар үшін балабақшалар, шағын орталықтар, мектеп интернаттары, кәмелеттік жасқа толмағандарды бейімдеу орталықтары тәрбиешілеріне біліктілік санаты үшін қосымша ақының мөлшерін ұлғайту» бюджеттік бағдарламасы мынадай редакцияда жазылсын:

«064 Бастауыш, негізгі орта, жалпыға бірдей орта білім беру ұйымдарының ( дарынды балаларға арналған мамандандырылған (жалпы үлгідегі, арнайы (түзету ); жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдар): мектептердің, мектеп-интернаттарының мұғалімдеріне біліктілік санаты үшін қосымша ақы мөлшерін республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен ұлғайту»;

9 «Білім беру саласындағы өзге де қызметтер» функционалдық кіші тобында:

мынадай мазмұндағы 068 бюджеттік бағдарламасы бар 120 бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен толықтырылсын:

«120 Облыс әкімінің аппараты

068 Халықтың компьютерлік сауаттылығын арттыруды қамтамасыз ету»;

261 «Облыстың білім басқармасы», 360 «Республикалық маңызы бар қаланың , астананың білім басқармасы», 464 «Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі» және 471 «Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі» бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

мынадай мазмұндағы 068 бюджеттік бағдарламамен толықтырылсын:

«068 Халықтың компьютерлік сауаттылығын көтеруді қамтамасыз ету»;

06 «Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру» функционалдық тобында:

2 «Әлеуметтік көмек» функционалдық кіші тобында:

451 «Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

004 «Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет және спорт мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету» бюджеттік бағдарламасы мынадай редакцияда жазылсын:

«004 Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету»;

07 «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық» функционалдық тобында:

1 «Тұрғын үй шаруашылығы» функционалдық кіші тобында:

мынадай мазмұндағы 001 және 002 бюджеттік бағдарламасы бар 383 бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен толықтырылсын:

«383 Алматы қаласының Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы

001 Жергілікті деңгейде тұрғын үй мәселелері бойынша және тұрғын үй қоры саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер

002 Ақпараттық жүйелер құру»;

мынадай мазмұндағы 011, 013 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалары бар 003 бюджеттік бағдарламасымен толықтырылсын:

«003 Мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау, салу және (немесе) сатып алу

011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

013 Республикалық бюджеттен берілетін кредиттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен»;

мынадай мазмұндағы 004, 005, 006, 007, 008, 009, 100, 106, 107, 108, 109, 115, 123 және 124 бюджеттік бағдарламаларымен толықтырылсын:

«004 Апатты және ескірген тұрғын үйлерді бұзу

005 Мемлекеттік қажеттіліктер үшін жер учаскелерін, оның ішінде төлемін өтеп сатып алу жолымен алып қою және осыған байланысты жылжымайтын мүлікті иеліктен айыру

006 Мемлекеттік тұрғын үй қорын сақтауды ұйымдастыру

007 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары

008 Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары

009 Кондоминиум объектілеріне техникалық паспорттар дайындау

100 Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резервінің есебінен

іс-шаралар өткізу

106 Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою үшін жергілікті атқарушы органның төтенше резервінің есебінен іс-шаралар өткізу

107 Жергілікті атқарушы органның шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізу

108 Жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың және концессиялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу немесе түзету және сараптамасын жүргізу, концессиялық жобаларды консультативтік сүйемелдеу

109 Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізу

115 Жергілікті атқарушы органы резервінің қаражаты есебінен соттардың шешімдері бойынша жергілікті атқарушы органдардың міндеттемелерін орындау

123 Облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерінен берілетін нысаналы трансферттердің есебінен табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарларын жою, әкімшілік-аумақтық бірліктің саяси, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылығына, адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жалпы республикалық немесе халықаралық маңызы бар жағдайларды жою бойынша ағымдағы шығыстарға арналған іс-шаралар жүргізу

124 Облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерінен берілетін нысаналы трансферттердің есебінен табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарларын жою, әкімшілік-аумақтық бірліктің саяси, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылығына, адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жалпы республикалық немесе халықаралық маңызы бар жағдайларды жою бойынша даму шығыстарына арналған іс-шаралар жүргізу»;

08 «Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік» функционалдық тобында:

9 «Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызметтер» функционалдық кіші тобында:

мынадай мазмұндағы 001, 002, 003, 032, 100, 106, 107, 108, 109, 115, 123 және 124 бюджеттік бағдарламасы бар 283 бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен толықтырылсын:

«283 Облыстың жастар саясаты мәселелері бойынша басқармасы

001 Жергілікті деңгейде жастар саясаты мәселелері жөніндегі қызметтер

002 Ақпараттық жүйелер құру

003 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары

032 Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары

100 Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резерві есебінен іс-шаралар өткізу

106 Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою үшін жергілікті атқарушы органның төтенше резерві есебінен іс-шаралар өткізу

107 Жергілікті атқарушы органның шұғыл шығындарға арналған резерві есебінен іс-шаралар өткізу

108 Жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың және концессиялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу немесе түзету және сараптамасын жүргізу, концессиялық жобаларды консультативтік сүйемелдеу

109 Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резерві есебінен іс-шаралар өткізу

115 Жергілікті атқарушы органы резервінің қаражаты есебінен соттардың шешімдері бойынша жергілікті атқарушы органдардың міндеттемелерін орындау

123 Облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерінен берілетін нысаналы трансферттердің есебінен табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарларын жою, әкімшілік-аумақтық бірліктің саяси, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылығына, адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жалпы республикалық немесе халықаралық маңызы бар жағдайларды жою бойынша ағымдағы шығыстарға арналған іс-шаралар жүргізу

124 Облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерінен берілетін нысаналы трансферттердің есебінен табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарларын жою, әкімшілік-аумақтық бірліктің саяси, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылығына, адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жалпы республикалық немесе халықаралық маңызы бар жағдайларды жою бойынша даму шығыстарына арналған іс-шаралар жүргізу»;

377 «Алматы қаласының жастар саясаты мәселелері басқармасы» бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің атауы мынадай редакцияда жазылсын:

«377 Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жастар саясаты мәселелері басқармасы»;

10 «Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары» функционалдық тобында:

1 «Ауыл шаруашылығы» функционалдық кіші тобында:

364 «Республикалық маңызы бар қаланың, астананың кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы» бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

мынадай мазмұндағы 021 бюджеттік бағдарламамен толықтырылсын:

«021 Ауыл шаруашылығы жануарларын, жануарға ветеринариялық

паспортты бірдейлендіруді жүргізу үшін ветеринариялық мақсаттағы бұйымдар мен атрибуттарды орталықтандырылған сатып алу және оларды тасымалдау (жеткізу)»;

2 «Су шаруашылығы» функционалдық кіші тобында:

375 «Республикалық маңызы бар қаланың, астананың ауыл шаруашылығы басқармасы» бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

мынадай мазмұндағы 024 бюджеттік бағдарламамен толықтырылсын:

«024 Есіл өзенінің учаскесінде биологиялық мелиорациялау»;

13 «Өзгелер» функционалдық тобында:

9 «Өзгелер» функционалдық кіші тобында:

123 «Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты» бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

040 «Республикалық бюджеттен нысаналы трансферттер есебінен «Өңірлерді дамыту» Бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық (селолық) округтерді жайғастыру мәселелерін шешу үшін іс-шараларды іске асыру» бюджеттік бағдарламасы мынадай редакцияда жазылсын:

«040 Республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер есебінен «Өңірлерді дамыту» Бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру»;

258 «Облыстың Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

020 «Өңірлерді дамыту» Бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға аудандар бюджеттеріне республикалық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер» бюджеттік бағдарламасы мынадай редакцияда жазылсын:

«020 «Өңірлерді дамыту» Бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне республикалық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер»;

мынадай мазмұндағы 010 бюджеттік бағдарламасы және 013 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалары бар 383 бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен толықтырылсын:

«383 Жастар саясаты мәселелері бойынша басқармасы

010 Кондоминиум объектілерінің жалпы мүлкін жөндеу жүргізуге арналған бюджеттік кредиттер

013 Республикалық бюджеттен берілген кредиттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен»;

мынадай мазмұндағы 065 бюджеттік бағдарламамен толықтырылсын:

«065 Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту » ;

462 «Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы бөлімі» бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

040 «Республикалық бюджеттен нысаналы трансферттер есебінен «Өңірлерді дамыту» Бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық (селолық) округтерді жайғастыру мәселелерін шешу үшін іс-шараларды іске асыру» бюджеттік бағдарламасы мынадай редакцияда жазылсын:

«040 Республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер есебінен « Өңірлерді дамыту» Бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру»;

көрсетілген бұйрыққа 2-қосымшада:

Қазақстан Республикасы бюджеті шығыстарының экономикалық сыныптамасының ерекшелігі құрылымында:

110 «Еңбек ақы» кіші сыныбында

112 «Қосымша ақшалай төлемдер» ерекшелігі бойынша

«Шығындар тізбесі» бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

«Саяси және әкімшілік мемлекеттік қызметшілердің, судьялардың, алыс және таяу шет елдердегі Қазақстан Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшілерінің, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің шет елдердегі мекемелері қызметкерлерінің, әскери қызметшілердің, құқық қорғау органдары, Төтенше жағдайлар министрлігінің мемлекеттік өртке қарсы қызметі мен прокуратура органдары қызметкерлерінің қосымша ақшалай төлемдері: Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу және Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 18 маусымдағы № 3038 Жарлығының күші жойылды деп тану туралы» 2002 жылғы 21 наурыздағы № 825 Жарлығының 1-тармағы 5-тармақшасының 3-абзацына сәйкес мемлекеттік органдардың орталық аппараттарының әкімшілік мемлекеттік қызметшілерінің сыйлықақысы. Қаржыландыру жоспары бойынша тиісті органды ұстауға көзделген қаражатты үнемдеу есебінен мемлекеттік орган басшысының, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Парламентінің Палаталары Төрағаларының шешімімен төленетін сыйлықақылар. Басқа мемлекеттік мекемелер қызметкерлеріне қосымша ақшалай төлемдер: қызметкерлердің лауазымдық жалақыларына ынталандыру үстемеақылар, қаржыландыру жоспары бойынша тиісті органды ұстауға көзделген қаражатты үнемдеу есебінен мемлекеттік орган басшысының шешімімен берілетін сыйақылар, 2013 жылғы 1 қаңтарға дейін жасасқан келісімшарттың мерзіміне қарай солдат (матростар), сержант (

старшиналар) лауазымында келісімшарт бойынша әскери қызметке бірінші рет келген азаматтарға біржолғы ақшалай сыйақылар.»;

120 «Жұмыс берушілерлердің жарналары» кіші сыныбында:

122 «Әлеуметтік сақтандырудың мемлекеттік қорына әлеуметтік аударымдар» ерекшелігі бойынша:

«Анықтама» бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

«Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Әлеуметтік сақтандырудың мемлекеттік қорына мемлекеттік мекемелер төлейтін әлеуметтік аударымдар және әлеуметтік аударымдарды уақтылы төлемегені үшін өсімақылар.».

2. Бюджеттік рәсімдер әдіснамасы департаменті (А. Қалиева) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық оны мемлекеттік тіркеген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Министр* *Б. Жәмішев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК